

«ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ» АТАУЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**Сексеналина А.К.**

№104 мектеп-гимназиясы

Қарағанды қ., Қазақстан

XV ғасыр ортасында Қазақстанның қазіргі территориясында Әбілқайыр хан басқарған көшпелі өзбек тайпаларының мемлекеттік бірлестігінен жаңа иеліктің бөлініп шығуы нәтижесінде жеке қазақ хандығы құрылды. Бұрынғы өзбек ұлысын мекендеген кейбір көшпелі тайпалар Керей мен Жәнібектің басшылығымен Моғолстан жеріне өздерімен бірге «Қазақ» атауын иемденіп, түпкілікті кетеді. Өз кезегінде қазақ атауы қырғыз қазақтар туралы көптеген тарихи деректерде, оның ішінде орыс деректерінде мәліметтер кездесетіндіктен этноним қырғызбен де тығыз байланыста. Қазақтың "қырғыз" аталуы немесе қырғыз-қазақ атауының шығу тегі, мән-мағынасы мен сөз төркіні туралы мәселе тарих ғылымында талай пікірталас туғызып, шешімге келуі қиын, өзекті мәселелердің бірі болып табылады, себебі "қырғыз-қазақ" атауының шығу тегі қайдан бастау алатынын талқыламай, біз қазақ халқының қалыптасу тарихын ақиқат деректермен негіздеп жаза алмаймыз. Осы тақырыпқа қатысты жазылған ғылыми зерттеулерге маңызды мәлімет беретін дерек А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегі [1, 135-137 бб].

XIX ғасырдың ортасында Ресей мен Еуропадағы қазақтардың этнографиясы мен тарихы, географиясы - туралы зерттеулер саласындағы қол жеткізген ірі жетістіктер осы еңбекпен тығыз байланысты. Ш.Уәлиханов толық негізбен А.И. Левшинді «қазақ халқының Геродоты» атаса, ал Ресей мен шет елдік ғалымдар, оның бұл еңбегін «классикалық ғылыми еңбек» деп бағалаған. 1886 жылы белгілі орыс географы И.В. Мушкетов өз еңбектерінің бірінде: «А.И. Левшиннің еңбегі сол кездің қырғыз далалары туралы барлық білімдерді жинаған. Оған дейін де, одан кейін де Левшиннің еңбегінен артық түсетін еңбек жарыққа шыққан жоқ», - деп атап көрсетті. Сондықтан қырғыз-қайсақ далаларымен танысудағы негізгі дерек деп қорытындылайды. Бұл еңбек жарық көргеннен кейін бірқатар орыс және батыс еуропалық ғалымдар жалпы «қазақ» атауына, «қазақ-қырғыз» атауына байланысты өз еңбектерін арнады. Атап айтсақ В.Вамбери, Н.И. Веселовский, В.В. Бартольд, В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Радлов, А.Самойлович және т.б. Олардың барлығы «қазақ» атауының шығу тегін әр түрлі түсіндіреді (2, 42 б).

А.И. Левшин жоғарыда көрсетілген еңбегінің «Қырғыз-қайсақ атауы және оның түп-нұсқасының ерекшеліктері немесе жабайы қырғыздар туралы» деген І-інші бөлімінде былай көрсетеді: «Қырғыз қайсақтарға тарихи сипаттама беруде бірінші айтылуға міндетті нәрсе оларға Еуропада бөтен ат берді, ол атаумен оларды өздері де, олардың көршілері де атамайды. Бұл екі сөзден: қырғыз және қайсақтан құрылған. Қырғыз өзге халықтың аты, қырғыз-қайсақтарға байланыссыз-ақ белгілі атау. «Қазақ» атауы ортағасырлардан белгілі және орыстардың көпшілігіне мәлім болған. Олар өздерін басқаша атамайды. Осы атаумен олар парсыларға, бұхарлықтарға, хиуалықтарға және т.б. Азия халықтарына белгілі болды. Қытайлар бірінші әріпі «қ»-ны жіңішкертіп «хасактар» деп атайды. XVIII ғасырға дейін Ресейде де қырғыз қайсақтарды білген жоқ, бірақ оларды қазақтар, қазақ-ордасы деп атаған. Қытай географтары қырғыздарды буруттар деп, оларды шығыс және батыс деп бөледі» [1, 138 б].

Әбілғазы Бахадур ханның айтуынша Оғыз ханның немересі Қырғыз аталған, сондықтан да қырғыздар оның ұрпағы. Олар Азиядағы ерте халықтардың бірі, Шыңғыс хан кезеңіне дейін мықты халық болған. Олардың қоныстары Қос озен, Икар-Мұран аралығында (3, 28 б).

Г.Клапрот өзінің «Тарихында» бұған қарсы «бұл жердің атауы біріншіден татар мәтінінде Ұйғыр-Мұқан деп аталады, ол қазіргі Енисей, Қырғыздар Шыңғыс ханға дейін сол жерде тұрған», - дейді. Г.Клапрот "Сібір туралы" жазбаларында қазақ ордаларын ажырату үшін буруттардың бір бөлігін батыс қырғыздар деп атаған. Азиаттықтар бұл халықты қарақырғыз деп атады, ал орыстар оларға екі атау жапсырды; жабайы және тас қырғыздар. «Жабайы қырғыздар» деген атаудың себебі сауда керуендерін тонаудағы ержүректілігі мен шектен тыс қаталдығынан, ал тас қырғыздар деуі Сібірдің таулы аймақтарын мекендеуіне байланысты деп түсініктеме береді. Мұнымен қоса қырғыз-қайсақ атауының пайда болуы қазақ халқын Сібірді жаңадан қоныстанушылар қазақтардан ажыратуға қолайлы болған жағдаймен байланысты екенін де айтады. Көптеген себептермен XVI - XVII ғасырдағы жазбаларда ордалар «қазақ ордасы» деген атаудан басқаша аталмайды. Өз атаулары «қазаққа» қосымша «қырғыз», осыдан қырғыз-қазақ, соңында қырғыз-қайсақ шықты. Осыларға сүйене келе дұрыс деп «қайсақтың» орнына «қазақ» сөзі пайдаланылды. Сондықтан «қырғыз-қайсақ ордалары» дегеннің орнына «қырғыз-қазақ ордалары» деп атадық. Осылайша халық аты пайда болды аралығында [4, 18-19 бб].

Автор келтірген мағлұматтарға сүйене отырып біз мынандай ой тұжырымдаймыз: негізінен қазақтар туралы айта келе, оларды орыстардың және еуропалықтардың басқа атаумен қырғыз-қайсақ деп атағанын мойындайды. Алайда бұл жердегі атауын ол шығыс деректеріне сүйене отырып қарақырғыздардан шығарған. Бұл ойды автор Г.Клапроттың еңбегінде «азиаттықтардың қырғыздарды қарақырғыз деп атағанын көрсете келіп толықтырады және орыстардың қырғыздарға жабайы қырғыздар және тасқырғыздар деген екі атау бергендігімен байланыстырады. Ол жердегі «жабайы, қарақырғыз сөздерінің мағынасына терең үңілсек ұлтты кемсітушілік орын алады, себебі белгілі тарихшы М.Тынышпаев «қырғыздарды қарақырғыз деп атауы дұрыс емес. Қырғыздарды олардың көршілері қазақтар мен өзбектер ешбір қосымшасыз «қырғыз» деп атайды. Қарақырғыз деп оларды орыстар атаған- деген ой түйіндейді [4, 21-23 бб].

Автордың «қазақ»- атауы ортағасырларда белгілі болды,- олар өздерін «қазақтан» басқаша атамайды» - деген пікіріне қосылуға болады. Бұған дәлел келтірсек, жазбаша деректерден «қазақ» термині 1245-жылғы мамлюктік Египет мемлекетіндегі қыпшақтар арасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде келтірілген және автордың өзі де Иран жазушысы Фердоусидің «Шахнамасында» (X-XI ғғ.) жазылғанын айтқан. Ол XVI-XVII ғасырлардағы орыс жазбаларында «қазақ ордалары» деп қана олардың аталғандығын айта келіп, осы «қазақ» атауына қосымша «қырғыз» атауы қосылып, қырғыз - қазақ болғанын көрсетеді. Бұл атаудың пайда болуы автордың айтуынша XVIII ғасырға ұласады. Олай болса қазақтарға «қырғыз» атауын орыстар берген деген тұжырымды - тарихи шындыққа жақын деп айта аламыз.

Қазақтың «қырғыз» аталуы туралы маңызды дерек Құрбанғали Халидтің «Тауарих- хамсасында» кездеседі. Мұнда автор «қазақ» атауына қатысты бірнеше деректерді келтіре отырып, қазақтың қырғыз аталу себебіне тоқталады. «Ресейде қазақты қырғыз атау себебі, басында орыс саяхатшылары қырғыз халқына келіп, танысып сұрағанда қырғызбыз деген екен. Қырғыз елі де әжептеуір тайпалар болып, таулар мен сахараларды жайлап жүргендіктен саяхатшылар қайда барса қырғыз елін көріп көшпенділердің барлығын қырғыз деген екен. Олардың ақпарларында үнемі көшпенділерді қырғыз деп көрсеткен. Бұдан басқа ешқандай анық дерек таба алмадым. «Қазақ» деп орыс тілінде ер, баһадүр адамға айтылатын болғандықтан сахарда жүрген, өмір сүрген мұсылмандарға бұл сөзді кимай қырғыз деп атаған. Тарихи анықтама осы» [5, 55 б].

Қазақтың «қырғыз» аталуына қатысты тағы бір пікір К.Мамырұлының мақаласында айтылады. Автор мынандай оқиғаларды баяндау арқылы қазақтың қырғыз атануына қатысты ойларын ортаға салады. XVIII ғасырдың бас кезінде Шыңғыс хан әскерлерімен болған шайқаста наймандар жеңіліп. Дешті-қыпшаққа шегінуге мәжбүр болды, ал ойраттар батысқа жылжи отырып наймандар тастап шыққан Алтайға ие бола бастайды. Ондықтарға негізделген әскери әкімшілік тәртіптің күшеюі, көрші халықтар мен мемлекеттерге қарсы жүргізілген көпжылдық соғыстар ойраттармен монғолдардың рулық қатынастарын жойып, феодалдық қатынастардың тездеп дамуына әсер етеді. XV ғасырда торғауыт, хочут, чора және хойты ру-тайпаларының бірігуінен ойрат халқы қалыптасады. Ойраттарды көрші халықтар әр кезеңде әр түрлі атаған. 1598 жылы Ирмень өзенінің Обьқа құяр сағасында торғауыттардың алғашқы көштерінің келіп жеткенін мұрағат құжаттары дәлелдеп отыр. Ресей патшалығының Сібір халықтарын бірте-бірте басып алуы жергілікті халықтардың наразылығын тудырмай қойған жоқ. Обь өзеніне дейін көшіп қонып жүрген торғауыттар татарлармен, ханты-манси, қырғыздармен бірлесе отырып Ресей отаршылдарына қарумен қарсы шығады. Жергілікті халықты Ресейдің басқару тәртібімен, христиан дінін күштеп танытуы шошытады. 1605 жылы Кетск бекінісін, 1606 жылы Тобыл бекінісін жергілікті зогұлдар, қырғыздар қоршап шабуыл жасағанымен ала алмайды. Торғауыттар мен татарлардың қолдауына сүйенген қырғыздар Ресей басқыншыларымен бітіспес жауға айналады. Ресей саясатшылары қақтығыс барысында осынау аз халық арасында алауыздық отын жағады. Олар торғауыттарды басқа жергілікті халықтарға қарсы қою үшін қалмақтармен сауда-саттықты күшейтеді. Торғауыттар Ресей жерінде жүріп қала- камалдарды күзетеді, полицияның ролін атқарады. Мемлекеттік көліктерді, су жолдарын күзетіп, Ресей отарлаушыларының басқанын жерін жаулау ісіндегі адал отаршысына айналады. Бір жағынан Ресей, екінші жағынан қалмақтардың тегеурініне шыдай алмаған қырғыздар Алатауға, Тянь-Шаньға қоныс аударады. «Қырғыз халқы қырғыз- қайсақтардың бір бөлігі болатын»-деп жазады автор. «Ресейдің отаршылдық саясаты уақыт өте келе қалмақтарға түсінікті бола бастағаннан кейін олар күреске көшеді. Сөйтіп бірде Ресеймен соғысып, бірде оларға қызмет істей жүріп қалмақтар от қаруды меңгерді, әскери іске машықтанды. Сөйтіп Қытай мен Ресей империяларына тісі бата алмаған қалмақтар көршісі қазақ ордасына қауіпті жауға айналды. Орыстар қырғыздардан қалмақтарды толық айыра алмай, оларды қазақтардың бір бөлігі деп қарағанын жоғарыда айттық. Сөйтіп отарлаушылар қазақтарды бірде қырғыздар, бірде қырғыз-қайсақтар деп атап кетеді. Осы жек көрінішті атау 1925

жылы ғана тоқтап, осы жылы ресми құжаттарда қазақ деп жазыла бастады»-деп қазақтың қырғыз аталуын осылайша түсіндіреді [6, 9-10 бб].

Қазақтың қырғыз аталуы туралы маңызды деректің бірі Ш.Құдайбердиевтің шежіресі. Ататек жайлы деректер ел ішінде ауызша айтылып, таралғаны болмаса, тек 1991 жылы ғана Шәкәрім қажы тарапынан бір жүйеге түсіріліп, арнайы басылып шыққан еді. Онда «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әртүрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жазамын... ескіден қалған тиянақсыз ертегі сықылды ауызсөз болмаса, мұнан бұрын біздің қазақ тілімен шежіре жазылған жоқ» деп көрсетіледі.

Шәкәрім еңбегінің құндылығы - жалпы түркі елдерінің ата-тегінің түп төркінін қамти отырып, қазақ халқының шежіресіне баса назар аударып, ғылыми тұрғыдан жүйеленуде. Шәкәрім шежіресі 1991 жылы «Сана» баспасынан әйгілі ғалым М. Мырзахметов пен М. Қазыбековтің баспаға дайындауымен алғы сөзімен қайта жарық көрді [7].

«Жоғарғы әр түрлі шежіре кітаптардың сөзінен, біздің қазақ Нұх пайғамбардың Яфет деген баласының нәсілінен, қытайша «тухиз», біздің тілде түрік аталған халықтан екені анық болды. «Түрік» деген «дулыға» деген сөз екен. Онан соңғы кезде «ғұн» мен «хұн» аталыпты. Оны Орхон өзеніне қойылған аттан қосылды дейді. Одан кейін әр түрлі атпен бөлектеніп кетсе де біз ұйғыр атынан шыққан елміз. Бұл «ұйғыр» деген «бірігіп, қосылған» деген мағынада дейді, шежіре жазушысының бәрі айтқан десе де болады. Сол ұйғырдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керейіт, дұғлат, үйсін деген тайпалар шығып солардың нәсілінен шыққан елміз. Ақырында, Шыңғыс хан тамам татар моңғолды алып төрт баласына бөліп бергенде, үлкен баласы Жошы мен одан кіші баласы Шағатайға татар атанған елдерді бергенде, ішінде татар атанып және Жошыға тигені Жошы ұлысы, Шағатайға тигені Шағатай ұлысы аталған. Онан кейін біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда «барша Жошы ұлысы өзбек атанып, одан кейін Әз-Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханынан бөлінгенде, қырғыз, қазақ атанған елміз. Ол кезде ол атпен аталған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықшы өмірге кіріп, әр жерге барып, бірталайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында, қазақ деген ат бізде қалған» [8, 20 б].

Автор Е.С. Альчикенов өзінің «ХУ-ХҮІ ғасырлардағы қырғыз-қазақ халықтарының арасындағы саяси және этникалық байланыстар» деген еңбегінде мына мәселелерге назар аударады. «Түркі халықтары арасында этникалық байланыстары жағынан қазақ халқына ең жақын халықтардың бірі қырғыздар болды. Мұны кезінде көптеген зерттеушілер атап өткен болатын. Бірақ қазақ-қырғыз халықтарының арасындағы этникалық байланыстар туралы мәселе көп уақыт бойы екі халықтың ортақ этнонимдерін анықтаумен шектеліп келді»-деп көрсете келе қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы этникалық байланыстарды неғұрлым тереңдете зерттеген ғаламдардың қатарына С. М. Абрамзон, К. И. Петров және И.Б. Молдабаевтарды жатқызуға болатындығын айтады.

Қырғыздың белгілі ғалымы И.Молдабаевтың айтуына қарағанда қырғыз бен қазақ арасында тек атаулары бойынша сәйкес келетін ру-тайпалардың өзі оннан асады. Бұлардың қатарына қыпшақ, қоңырат, найман, жәдігер, қатаған, дулат, ноғай, алшын(алақшын), сары, сары үйсін, абақ, таздар, итемген, ағынай, балықшы, қызыл-құрт және т.б. ру-тайпалар жатады. Қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы этникалық байланыстар туралы бірден-бір тарихи дерек көзі батырлар жыры болып табылады. Қырғыз тарихшысы И. Молдабаев қырғыз халқының эпостық жырлары Манасты және «Жаныш пен Байыш» эпостарындағы қазақ және қырғыз халықтарының этникалық байланыстарын зерттеп анықтаған болатын.

Қырғыз халқының «Манас» эпосында өзге халықтарға қарағанда қазақ халқы жиі еске алына отырып туыс халық ретінде көрсетіледі. «Манас» эпосының Сағымбай нұсқасы бойынша қазақтар Алтайда қырғыздармен көршілес өмір сүрген. Эпоста «қазақ» этнонимімен қатар қазақ халқының құрамындағы көптеген ру-тайпалардың атаулары да кездеседі. Мысылы: «Манастың әкесі Жақып Манас туылардан бұрын көптеген халықтарды шақырып, олардың арасында алшындар мен абақтар да айтылады. Қазақ ханы Көкшенің ордасындағы Көкше мен Әбілмамбет арасындағы талас-тартыс туралы эпизодта Кіші жүз бен Орта жүз тайпалары арғындар, наймандар, қоңыраттар және жағалбайлылар туралы сөз болады. Сонымен қатар эпостың Сағымбай нұсқасында Манас Сайқал есімді қызбен жекпе-жекке шығатын эпизодта көптеген халықтармен қатар дулаттар да айтылған. Ал дулат тайпасы қазақ халқының Ұлы жүзінің құрамындағы ең ірі тайпа бола отырып, кейінгі орта ғасырларда Моғолстан мемлекетінің саяси өмірінде белсенді рөл атқарған. Рашид-ад дин, Ш. Уалиханов және В.В. Бартольд Дулаттарды моңғол тектес тайпа десе, Н.Аристов, М.Ф. Катанов, Р.Г. Кузеев, В.В. Востров, М.С. Мұқанов және т.б. көптеген зерттеушілер бұл пікірді жоққа шығарды.

Дулат этнонимі қырғыздардың рулық құрылымында да кездеседі. Қырғыздың Саяқ тайпасының құрамында қайдулат руы мен дулат бөлімі болған, ал құшшы тайпасының арасында меңдулат руы болған. Бұл рулардың белгілі дәрежеде қазақтың дулат тайпасымен және орта ғасырлардағы дулаттармен өзара байланысы бар. Бұл жерде қазақтың дулат тайпасымен қырғыздың құшшы тайпасының таңбаларының ұқсастығы назар аудартады. Бұл тайпалардың екеуінің де таңбасы дөңгелек бейнесінде бейнеленген. «Манас» эпосында сонымен қатар екі халықтың да құрамында кездесетін албан, жәдігер, қатаған, найман, қыпшақ, қытай, қанды, сары, балықшы, шекті, қоңырат, сарт сияқты барлығы 17 ру-тайпа атаулары кездеседі. «Манас» эпосынан қырғыз халқының тек Ұлы жүз қазақтарымен ғана емес Орта және Кіші жүз қазақтарыменде этникалық байланыстарын көреміз.

Автор Е.С. Альчикенов жоғарыдағы ойларды айта келе мынандай тұжырым жасайды: «Қазақ пен қырғыз этнонимдерінің бұл сәйкестіктерін кездейсоқтық деп айтуға болмас. XIV-XV ғасырларда Оңтүстік Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан территорияларындағы Моғолстан мемлекетінің құрамында болып келген көптеген түркі және түркіленген моңғол тайпалары XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында Моғолстан мемлекетінің орнында қалыптасқан қазақ және қырғыз халықтарының құрамына кірген болатын. Бұл тайпалардың әуел бастан шығу тегі мен тарихы бір болатын».

Қорыта келе қазақ, қырғыз түбі бір түркі еліненбіз, яғни қандас бауырлармыз. Сондықтан қазақтың «қырғыз» аталуына себеп болған бірінші мәселе осы. Екіншіден қазақтарға «қырғыз» қосымша атын орыстар берген деген ойды түйіндейміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Левшин А.И. Описание киргиз – казачьих или киргиз – кайсацких орд и степей / подобщей редакцией академика М.К. Козыбаева – Алматы, 1996. – 656 с.
2. Сүтеева Қ. Шоқан еңбектеріндегі төл тарихқа қатысты деректер. // Қазақстан тарихы. 2002 ж. №4.
3. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б.Әбілқасымов. Алматы, 1991. - 31 б.
4. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. –Ташкент: 1925. – 65 с.
5. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: /Бес тарих/. Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. Алматы, 1992. - 304 б.
6. Мамырұлы Қ. Қазақтар неге қырғыз аталған? // Қазақ тарихы, 1997 ж. №5.
7. Артықбаев Ж. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ шежіресі және Ә.Бөкейханов // <http://qasym.kz>
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – А., 1992. -46 б.
9. Альчикенов Е.С. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы қырғыз-қазақ халықтарының арасындағы саяси және этникалық байланыстар // <http://www.kz/makalalar>

ЕКІНШІ ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

Смағұлов Н.Б., тарих магистрі

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

552-744 жылдары Орталық Азия территориясында өмір сүрген Түрік қағанаты өзінің дамуы мен қалыптасуының ерекшелімен дүниежүзілік тарихта маңызды орын алады. Ежелгі қытайдың әулеттік тарихи жылнамасы «Синь Тан Шуда» берілген деректе түрік қағанатында 28 дәреже бойынша басқарылған лауазымы болғанын дәлелдейді [1, 150 б.]. Қағанатта жоғарға билік қағанның қолына шоғырланды, саяси билік мұрагерлік дәстүрмен сайланды. Қаған соғыс және бейбітшілік, басқа мемлекеттермен қарым-қатынас мәселелерін шешті. Жоғарғы билеуші қағанның жақын туыстарынан арасынан «жабғы» лауазымын иеленген қағанаттың оң және сол қанаттарын басқаратын мемлекеттік қызметшілер шықты. Түрік қағанатының әскерлерінің құрамына түріктерден басқа бағынышты тайпалардың өкілдері де кіріп, олардың да әскерлері ондық принциппен жасақталатын қуатты әрі тегеуірінді армияның атты әскері болды. Жергілікті билеушілерге, қағанаттың әкімшілік иерархиясы бойынша мемлекеттік қызметтің лауазымдары беріледі. Мемлекеттік идеологияға жауап беретін тұлғалар Орхон өзені бойындағы ескерткіштерге «Басы барларды еңкейтуге, тізесі барды тізерлетуге мәжбүр еттік. Шығысқа және Батысқа өз халқымызды орналастырдық» [2, 63 б.] деген өсиет сөздерді тасқа түркі жазуымен қашап жаздырған.

603 жылы билік үшін таққа таласқан билеушілердің өзара келіспеушілігі салдарынан Ұлы Түрік қағанаты Батыс және Шығыс қағанаттары болып екіге бөлініп кетеді. Әлсіреген Шығыс Түрік